




Бекітілді  
Ғылыми кеңес шешімімен  
«26» 05 2023ж.  
№ 10 хаттамасы

PL-03-17-07

Профессор-оқытушылар құрамының  
педагогикалық жүктемесі туралы ереже

Әзірледі		
Оқу үрдісін жоспарлау бөлімінің бастығы	 (КОЛЫ)	К.Нурғалиева

Басылым 03

Алматы, 2023



## Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Оқу жұмысын жоспарлау.....	5
3. Аудиториялық оқу жұмысының және бақылау іс-шараларының түрлері бойынша уақыт нормалары .....	8
4. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесінің көлемі .	10
5. Құқық .....	11
6. Жауапкершілік.....	11
Танысу парағы.....	12
Келісу парағы .....	13



## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереженің мақсаты университеттегі оқу жұмысын жоспарлауды, профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі-ПОҚ) педагогикалық жүктемесін, оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын және бақылау іс-шараларын анықтау болып табылады.

1.2. Осы ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1.2.1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;

1.2.2) «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

1.2.3) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

1.2.4) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

1.2.5) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы;

1.2.6) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы;

1.2.7) «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы;

1.2.8) «Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы;

1.2.9) «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы.

*\* Егер сілтемеде құжаттың шығарылған күні белгіленіп көрсетілсе, онда сол нұсқа ғана қолданылады. Күні белгіленбеген сілтемелер үшін сілтеме жасалған құжаттың соңғы жарамды нұсқасы қолданылады (кез келген түзетулермен қоса).*



**1.3.** Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі туралы ереже университеттегі оқу жұмысын жоспарлауға, профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін, оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын анықтауға арналған.

**1.4.** Мүдделі тараптар 1-кестеде келтірілген

1-кесте – Мүдделі тараптар

Мүдделі тарап 1	Қажеттіліктер мен үміттер 2
ПОҚ	Педагогикалық ұжымның оқу-жүктемесін анықтау
Оқу үрдісін жоспарлау бөлімі	Сағаттардың есебін қалыптастыру және педагогикалық ұжымның оқу жүктемесінің бөлінуін бақылау


**1.5. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар**

1.5.1) Ережеде мынадай терминдер және олардың анықтамалары қолданылады:

Терминдер 1	Анықтамалар 2
Академиялық сағат	оқу сабақтарының барлық түрінде кесте бойынша білім алушының оқытушымен қарым-қатынас жұмыстарының уақыты;
Докторлық диссертация	докторлық диссертация – докторанттың теориялық ережелер әзірленген, жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми проблема шешілген не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмысы
Магистрлік диссертация	ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы
Магистрлік жоба	таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы

1.5.2) Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

Қысқартулар 1	Терминдер 2
АК	Аттестациялық комиссия
МЕК	Мемлекеттік емтихандық комиссия
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
ПОӘК	Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері
БӨҚ	Бақылау-өлшеу құралдары
ББК	Білім беру бағдарламалары комитеті
ОҮЖБ	Оқу үрдісін жоспарлау бөлімі
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары

	«ҚазРесмедуниверситеті» МЕББМ	5 / 13 бет	F-DP-02-31-01-11
--	-------------------------------	------------	------------------

ЖБП	Жалпы білім беру пәндері
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
ОБӨЖ	Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ҚД	«Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы
ЖМ	«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы
МІ	«Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасы
Стом.	«Стоматология» білім беру бағдарламасы
Фарм.	«Фармация» білім беру бағдарламасы

**1.6.** Осы үдеріске жетекшілік ететін топ-менеджерлер ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректор және академиялық жұмыстар жөніндегі проректор болып табылады.

**1.7.** Осы ережемен формалар қарастырылмаған.

## **2. Оқу жұмысын жоспарлау**

**2.1.** Білім беру қызметін жоспарлау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес университет дербес әзірлеген жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбе және оқу сабақтарының кестесі негізінде жүзеге асырылады.

**2.2.** Білім беру қызметін ұйымдастыру оқу процесін жоспарлау, білім беру бағдарламаларының мазмұны, оқу сабақтарын өткізу тәсілін таңдау, білім алушылардың өзіндік жұмысы, қорытынды бақылау нысандары және олардың оқу жетістіктері арқылы жүзеге асырылады.

**2.3.** Барлық оқу пәндерінің мазмұны пәндердің оқу-әдістемелік кешендерімен (бұдан әрі-ПОӘК) айқындалады, оған мыналар кіреді: силлабус, бақылау-өлшеу құралдары (бұдан әрі-БӨҚ), пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы. Міндетті компонент пәндері бойынша ПОӘК әзірлеу үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

**2.4.** Оқытушылардың жылдық педагогикалық жүктемесі университет бойынша ПОҚ-ның орташа жылдық педагогикалық жүктемесі негізінде айқындалады.

**2.5.** Оқытушылар арасында педагогикалық жүктемені бөлу кафедра отырысында қаралады, оқу үрдісін жоспарлау бөлімімен (бұдан әрі-ОҮЖБ) келісіледі және университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

**2.6.** ПОҚ педагогикалық жүктемесі әрбір оқытушының жеке жоспарымен анықталады, ол тиісті бекіту рәсімінен өткеннен кейін оқытушының оқу жылына арналған лауазымдық міндеттерін нақтылау нысаны болып табылады. Әр оқытушының жеке жұмыс жоспары келесі бөлімдерді қамтуы керек:

- 1) оқу жұмысы (оқу жүктемесін жоспарлау);
- 2) оқу-әдістемелік жұмыс;
- 3) клиникалық жұмыс (клиникалық кафедралар / курстар үшін);
- 4) ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыс;

PL-03-17-07	Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі туралы ереже	Басылым 03
-------------	---	------------



- 5) біліктілікті арттыру және халықаралық ынтымақтастық;
- 6) тәрбие және кәсіптік бағдар беру жұмысы.

**2.7.** ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау аудиториялық (аудиториядан тыс) оқу сабақтарының кестесі бойынша немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша оқытушының студентпен жұмыс уақытын білдіретін академиялық сағаттарда жүзеге асырылады.

**2.8.** Университетте оқу жұмысының келесі түрлері белгіленеді:

- 1) дәрістер,
- 2) семинарлар,
- 3) тәжірибелік сабақтар,
- 4) зертханалық жұмыстар,
- 5) білім алушылардың өзіндік жұмысы,
- 6) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушылардың өзіндік жұмысы,
- 7) кәсіптік тәжірибе (оқу, педагогикалық, өндірістік, зерттеу, диплом алдындағы және т. б.),
- 8) магистранттың ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысына жетекшілік ету,
- 9) магистрлік диссертацияға / жобаға жетекшілік ету,
- 10) докторлық диссертацияға жетекшілік ету.

**2.9.** Оқу жұмысымен қатар бақылау іс-шаралары қарастырылады. Бақылау іс-шараларына ағымдағы бақылау, аралық бақылау, аралық аттестаттау/қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау жатады.

**2.10.** Дәрістерді тиісті ғылыми және (немесе) ғылыми дәрежесі/атауы бар оқытушыларға және (немесе) оқытушы лауазымында кемінде үш жыл өтілі бар немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл тәжірибелік жұмыс өтілі бар аға оқытушыларға жүргізу жоспарланады.

Дәрістер оқуға және (немесе) оқу сабақтарының басқа да түрлерін өткізуге Ұлттық біліктілік шеңберінің 8-деңгейіне сәйкес келетін ғылыми қызметкерлер, тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.

**2.11.** Магистрлік диссертацияларға (жобаларға) жетекшілікті "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша



процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

**2.12.** Докторлық диссертацияларға (жобаларға) жетекшілікті "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі бар: Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор коллекция), JCR деректері бойынша 1, 2, 3-квартильге кіретін немесе CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын не Хирш индексі 2 және одан көп халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

**2.13.** Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде 1 академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең деген есеппен негізге алынады. Бұл ретте 1 академиялық сағат 50 минутқа тең.

**2.14.** Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысының (бұдан әрі-ОБӨЖ), аудиториялық жұмысының және бакалавриат, магистратура және докторантурадағы білім алушылардың өзіндік жұмысының (бұдан әрі-БӨЖ) арақатынасы 30% кем емес, 20% және 50%-ды құрайды. Мысалы, 1 кредит 30 академиялық сағатты құрайды, оның ішінде:

- 1) 9 сағат аудиториялық (30% кем емес),
- 2) 6 сағат ОБӨЖ (20%),
- 3) 15 сағат БӨЖ (50%).

**2.15.** Резидентурадағы ОБӨЖ, БӨЖ және аудиториялық жұмысының арақатынасы 75%, 15% және 10% құрайды. Мысалы, 1 кредит 30 академиялық сағатты құрайды, оның ішінде:

- 1) 3 сағат аудиториялық (10%),
- 2) 22 сағат ОБӨЖ (75%),
- 3) 5 сағат БӨЖ (15%).

**2.16.** «Жалпы медицина», «Стоматология» ББ - 4,5 курстар, «Мейіргер ісі» ББ 2 жыл 6 ай бакалавриатының, интернатура, резидентура ОБӨЖ сағаттарының педагогикалық жүктемесін есептеу кезінде ОБӨЖ жалпы көлемінің 50% есепке алынады.

**2.17.** Педагогикалық жүктемені есептеу кезінде ОБӨЖ сағаттары магистратура мен докторантурада есепке алынбайды.

**2.18.** Дәріс сабақтарын жоспарлау академиялық лектерге жүзеге асырылады, 72 адамнан аспайды. Әртүрлі білім беру бағдарламаларының бір пәннің аясында бакалавриат, магистратура және докторантураның даярлау бағыттары шеңберінде академиялық лектерді қалыптастыруға жол беріледі. Тіл бөлімдері бойынша оқу процесін іске асыру бөлек жүзеге асырылады.



**2.19.** Семинар сабақтарын жоспарлау білім беру деңгейлері бойынша академиялық топтарға жүзеге асырылады.

**2.20.** Тәжірибелік сабақтарды жоспарлау білім беру деңгейлері бойынша академиялық кіші топтарға жүзеге асырылады.

**2.21.** ОБӨЖ академиялық топтарға жоспарланады, білім алушылар жеке кесте бойынша орындайды және оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейді. ОБӨЖ оқытушының ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысына қосылады.

**2.22.** Кәсіптік тәжірибе ағымдағы жылдың бекітілген жұмыс оқу жоспарына (бұдан әрі-ЖОЖ) сәйкес жүзеге асырылады. Тәжірибенің ұзақтығы кредиттерге сәйкес апталармен анықталады, мысалы, 1 кредит (30 сағат) 1 аптаға сәйкес келеді.

**2.23.** Дене шынықтыру бойынша сабақтар өткізу үшін 1-2 курс студенттеріне аптасына академиялық топқа 2 академиялық сағат жоспарланады. Аяқтау формасы сабақтың соңғы күнінде өткізілетін сараланған сынақ болып табылады.

**2.24.** Аралық аттестаттауды жоспарлау теориялық оқытумен кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге кредиттердің жалпы саны оны оқытуды да, дайындауды да және осы пән бойынша аралық аттестаттау формаларын өтуді де қамтиды.

### **3. Аудиториялық оқу жұмысының және бақылау іс-шараларының түрлері бойынша уақыт нормалары**

<b>№</b>	<b>Жұмыс түрлері</b>	<b>Жүктемені есептеу үшін сағат бойынша уақыт нормасы</b>	<b>Ескертпе</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
1.	Дәрістер	1 академиялық сағат -50 минутқа тең	Дәрістер лекке жоспарланады (тілдік бөлімдер бойынша)
2.	Семинар сабақтары	1 академиялық сағат -50 минутқа тең	Семинарлық сабақтар академиялық топқа жоспарланады 24 адамға дейін
3.	Тәжірибелік сабақтар	1 академиялық сағат -50 минутқа тең	Тәжірибелік сабақтар академиялық кіші топқа жоспарланады: 1) ЖМ, Стом., Фарм.: 1-3 курс-10-12 адам, 4-5 курс 8-10 адам, интерндер-6-8 адам; 2) МІ: 1-4 курс-10-12 адам, 2,5 жыл. - 8-10 адам 3) ҚД: 1-4 курс-10-12 адам; 4) Магистратура: 1-2 курс-10-12 адам; 5) Докторантура: 1-3 курс – 10 -12 адам;





			5) Резидентура: 1-3 курс- 4-5 адам.
4.	Оқытушымен жүргізілетін білім алушылардың өзіндік жұмысы	1 академиялық сағат -50 минутқа тең	Білім алушылардың ЖБП пәндерінің оқытушымен жүргізілетін өзіндік жұмысы - академиялық топқа (24 адамнан кем емес); Білім алушылардың базалық және бейіндік пәндерінің оқытушымен жүргізілетін өзіндік жұмысы: Фарм. 1-5 курс - академиялық топқа (24 адамнан кем емес); ҚД және МІ 1-4 курс - академиялық топқа (24 адамнан кем емес); МІ 2,5 ж. - академиялық топқа (8-10 адамнан кем емес); ЖМ және Стом. 1-3 курстан бастап - академиялық топқа (кемінде 24 адам); ЖМ және Стом. 4-5 курс - академиялық кіші топқа (кемінде 8-10 адам); интерндер академиялық топқа (6-8 адамнан кем емес); Резиденттер-академиялық топқа (5 адам артық емес).
5.	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан қабылдау	Бір емтихан тапсырушыға, МЕК төрағасына мен мүшелеріне және техникалық хатшыға 0,3 академиялық сағат (МЕК мүшелерінің жалпы саны төрағаны қоса алғанда 3 адамнан кем емес). Топтардың санына қарай комиссия құрамы анықталады 10-12 топқа 1 комиссия	МЕК отырыстарының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспайды.
6.	Қорытынды аттестаттауды қабылдау (бакалавр, магистратура, резидентура) және магистрлік диссертацияларды /жобаны қорғау	Бір емтихан тапсырушыға АК төрағасы мен мүшелеріне және техникалық хатшыға 0,4 академиялық сағат. АК мүшелерінің жалпы саны төрағаны қоса алғанда 5 адамнан кем емес.	Жалпы АК құрамының саны университеттің бұйрығымен бекітіледі. Қорытынды аттестаттауды қабылдау үшін сағаттық ақы төленеді. АК отырыстарының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспайды.
7.	Кәсіптік тәжірибе (оқу, өндірістік диплом алдындағы, педагогикалық және зерттеу тәжірибелер)	Есептерді қабылдаумен практикаға жетекшілік ету педагогикалық жүктеме бір білім алушыға аптасына 1 академиялық сағат	
PL-03-17-07	Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі туралы ереже		Басылым 03

		есебінен жоспарланады (1 академиялық сағат -50 минутқа тең).	
8.	Магистрлік диссертацияны / жобаны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына (МҒЗЖ, ДҒЗЖ) және эксперименттік-зерттеу жұмысына (МЭЗЖ) жетекшілік ету	1 академиялық сағат -50 минутқа тең	1 магистрантқа 24 академиялық сағат (бейіндік бағыт үшін) 1 магистрантқа 30 академиялық сағат (ғылыми-педагогикалық бағыт үшін) 1 докторантқа 45 академиялық сағат Бір жетекшіге 7 магистранттан және 5 докторанттан артық емес бекітіледі
9.	Магистрлік диссертацияға / жобаға нормобақылау өткізу	0,3 сағат бір бітіру жұмысына	

#### 4. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесінің көлемі

№	Лауазымы	Педагогикалық жүктеме*		
		теоретикалық кафедралар	клиникалық кафедралар	
			Бакалавриат, интернатура	резидентура
1	Профессор	680	720	840
2	Университет профессоры	690	730	850
3	Қауымдастырылған профессор (доцент)	700	740	860
4	Университеттің қауымдастырылған профессоры (доценті)	710	750	870
5	Аға оқытушы	730	770	880
6	Оқытушы	750	800	900

\*Профессор-оқытушылар құрамы арасында педагогикалық жүктеме көлемін жеке бөлу кезінде нормалардан +/- 25 академиялық сағат дейін мөлшерінде ауытқуға жол беріледі.

4.1. Кафедра меңгерушілерінің оқу жүктемесінің көлемі 4-тармақта көрсетілген профессорлық-оқытушылық құрамның оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес келеді.

4.2. Кафедра/курстардың штаттан тыс ПОҚ-ның резидентура базалары бойынша клиникалық тәлімгерлерінің оқу жүктемесінің (СОӨЖ) көлемі 900 сағатқа дейін.

4.3. Эксперименттік режимде 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап келесі пәндер бойынша онлайн дәрістер енгізілсін:

- Анатомия, физиология, гистология және биохимия негіздері
- Жүйке жүйесі және сезім мүшелері 1
- Зәр шығару жүйесі 1
- Тыныс алу жүйесі 1
- ас қорыту жүйесі 1
- Эндокриндік және репродуктивті жүйе 1
- гемопозтикалық және иммундық жүйе 1
- Жүрек-тамыр жүйесі 1



- ғылыми зерттеулер мен биостатистиканың негіздері
- Патологиялық анатомия негіздері 1
- Патологиялық физиология негіздері 1
- Химия
- Медициналық биофизика
- физиология
- Гистология
- Микробиология
- Анатомия
- Иммунология
- бас және мойынның клиникалық анатомиясы.

Семинарлар мен тәжірибелік сабақтар офлайн режимде өткізіледі, жүктеме уақыт нормаларына сәйкес жоспарланады.

### **5. Құқық**

«ҚазРесмедуниверситет» ҰҚУ ПОҚ осы Ереженің талаптарына сәйкес жылдық педагогикалық жүктеме алуға құқылы.

«ҚазРесмедуниверситет» ҰҚУ ОҰЖБ ПОҚ жылдық педагогикалық жүктемесінің осы Ереженің талаптарына сәйкестігін бақылауға құқылы.

### **6. Жауапкершілік**

Осы Ереже "Қазмедуниверситет" ҰҚУ-да білім беру процесін ұйымдастыруға қатысты барлық құрылымдық бөлімшелер мен ПОҚ орындау үшін әзірленді.





## Келісу парағы

Лауазымы	Қолы	Күні	Аты-жөні
1	2	3	4
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор		26.05.23	А. Кусаинова
Ғылыми және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректордың м.а.		26.05.23	А. Сейдалин
Оқу-әдістемелік орталығының жетекшісі м.а.		26.05.23	Ш. Уйсенбаева
Қаржылық жұмыстар Департаментінің директоры		26.05.23	М. Елемесова
Кадр бөлімінің бастығы		26.05.23	В. Веревкина
Әкімшілік-құқық бөлімінің бастығы		26.05.23	С. Касимова
Резидентура бөлімінің бастығы		26.05.23	Л. Орақбай
Магистратура және докторантура бөлімінің бастығы		26.05.23	Ф. Оразаева
СМЖ бөлімінің бас маманы		26.05.23	А. Бисмельдинова

## Аударды

Оқу үрдісін жоспарлау бөлімінің бастығы

(қолы)

К. Нурғалиева